

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IX том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама бұраша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
Б. Жакшып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков,  
З. Сейітжанов, Ә. Тарап, А. Темірболатова, Ж. Тілегепов, Р. Тұрысбек,  
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),  
И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

**Пікір-жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарап**

**Жалпы-редакциясын-басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Авторлар:**

Ж. Дәдебаев, Ә. Тарап, А. Қөпбасарова, М. Қожақанова  
Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Тұнкер

**Жауапты-редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IX том. Пәнаралық зерттеу / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарап, А. Қөпбасарова, М. Қожақанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Тұнкер; жауапты ред. З. Сейітжанов; жалпы ред. баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 291 б.

**-ISBN-978-601-04-1617-8-(ортак)**

**-ISBN-978-601-04-1717-5-(IX-том)**

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, қызы шығармашылығының мәдениетаралық орні мен байланыстары, асыл нуска мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсінүү, пайымдау, бағалау), мазмун мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және ақиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай өлемін терең тануга талаптанған көшпілік оқырманға арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ-821.512.122.0-**

**КБЖ-83.3(5Каз)-**

© Авторлар үзімі, 2016

©Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1717-5 (ІХтом)

### III тарау

## КӨРКЕМДІК БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӨЗЕКТІ ОЙЛАР

1

Абайдың өлеңдері жанрлық ерекшеліктеріне қарай түрліше көркемдік бейнелеу құралдарының қызметімен ерекшеленеді. Қайсыбір жанрдағы өлеңдер тобында көркемдік бейнелеу құралдары құрделі, ұлттық реңі бай болып келсе, енді бір жанрлық топтағы өлеңдердің тілі қарапайым, нақты. Алғашқы жанрлық топтағы өлеңдерді басқа тілге аудару аудармашыдан үлкен енбекті, көп ізденісті талап етсе, кейінгі топтағы өлеңдерді аудару едәуір женіл. Алайда аудармашылық шеберлігі кемел аудармашылар үшін де Абайдың өлеңдерін аудару, Абаймен ақындық жарыстыра отырып аудару оңай емес. Бұған Абай өлеңдерінің аудармалары толық негіз бола алады.

Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі көлемді болғанмен, көркемдік бейнелеу құралдарының молдығы және құрделлілігі жағынан аудармашы үшін аса көп қындық келтірмейтіндей көрінеді. Шындығында олай емес, аудармашылар бұл өлеңді қинала аударғандай әсер туады. М. Петровых, Ә. Қодар аудармаларында «Ғылым таппай мақтанба» түрлі түрғыдан, түрлі деңгейде пайымдалған, аудармалардың көркемдік-эстетикалық дәрежелері де түрліше болып шыққан.

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай бағтанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа кулуге.

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз,  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайты жесеңіз [1, 65].

Өлең жолдарында көркемдік бейнелеу құралдарының ішінде жиі қолданылатын тенеу де, әпитет те жоқ, басқа бейнелеу құралдары да сіресіп тұрған жоқ. Ақын анық, айқын, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде ой толғап отыр. Аудармада бұлай емес. М. Петровых пен Ә. Қодар осы жолдарды былай аударады:

Пока не знаешь – молчи.  
Пока блуждаешь – молчи.  
В бесцельных днях и в ночи  
Пустых забав не ищи.  
Чтоб человеком ты был  
И в ровень с веком ты был,  
Ты пятерых побори,  
И пятерых избери... [2, 57]

Без знаний нос не задирай,  
Найди себя, потом играй.  
Не надо смеха через край.  
Пуста веселость эта.  
Пяти вещей ты избегай,  
К пяти вещам стремленье знай,  
Раз хочешь выйти в люди.  
Все сбудется в судьбе твоей,  
Когда так жить полюбишь... [3, 25].

Түпнұсқа мен оның екі түрлі аудармасын жолма-жол және шумаш деңгейінде салыстырып қарағанда, Абайдың ойы да, сөзі де мүлде басқа деңгейде шыққаны көзге түседі. Әрине, аудармашылар Абайдың өлеңін орыс тіліне аударып отырганда, орыс тілінің заңдылықтарын, орыс тілінің көркемдік құралдарын, орыс тілінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік мүмкіншіліктерін пайдаланады. Бірақ бұл аудармашыға түпнұсқадан негізсіз ауытқуға жол бермеуге тиісті. Әр ұлт тілінің синтаксистік жүйесінде ерекшелік бары рас, алайда олардың синтаксистік, поэтикалық, лингвопоэтикалық қызыметінде үндестік, үйлестік, бірегей жүйе барын естен шығармау керек.

Сондықтан түпнұсқаның синтаксистік жүйесіне, басқаша айтсақ, өлеңнің тармақ жүйесіне орынсыз, қажетсіз өзгерістер, толықтырулар енгізу, сейтіп түпнұсқаның құрылым жүйесін ғана емес, мағыналық-мазмұндық жүйесін де бұрмалау аудармашы шеберлігін таныта алмайды. М. Петровых түпнұсқадағы «ғылым таппау», «орын таппау» секілді авторлық тіркестерді өзінше өзгеріп аударған. Ал «мақтанба», «баптанба» секілді әрқайсының дербес мазмұны, мағынасы бар екі түрлі сөздің орнына бір ғана «молчи» («ұндеме») деген сөзді қолданады. М. Петровых пайдаланып отырған сөздердің эмоциялық, эстетикалық бояуы солғын. Ал түпнұсқадағы «мақтанба» да, «баптанба» да белгілі бір лексикалық мағынасына қосымша эмоциялық ренкі бар сөздердің қатарына жатады. Ақынның өлең тармақтарына белгілі бір дәрежеде қосымша мағына устеп, оның мазмұнын байытып тұрған – осы сөздер. М. Петровыхтың аудармасында осындағы қосымша мағыналық ренк, өлең тармақтарының мазмұнын, ақынның ойын байытып тұрған мән мүлде жойылып кеткен. Соның нәтижесінде ақынның ойы мен ойлауы да кедейленіп шыққан.

Ә. Қодардың аудармасы да ақын өлеңнің мәнін толық жеткізе алмаған. Абайдың тілінде бейнелі, астарлы сөз жоққа тән дедік. Ә. Қодар болса, Абайдың «мақтанба» деп тұра мағынада, анықта айқын, нақты айтып отырған сөзін орыс тіліне мүлде басқа деңгейдегі сөзben аудараады – «нос не задирай». Бұл – бейнелі, тұрақты сөз тіркесі. Аудармада өлеңнің екінші тармағының мазмұны мен пішіні де бұзылып берілген. Аудармашының «Найди себя, потом играй» дегені Абайдың «Орын таптай баптанба» деген тармағына мүлде балама бола алмайды. Осылайша, Абайдың өлең тармақтары екі аудармашының аудармасында да сөз, сөз тіркесі деңгейінде, бунақ, тармақ деңгейінде дәл балама дәрежесінде берілмеген. Айтылған жайларға қосымша, екі аудармашы да түпнұсқадағы кейір тармақтарды өзгеріп немесе тастап кетіп, олардың орнына өздерінің тарарапынан басқа тармақтарды қосады.

«Ғылым таптай мақтанба» өлеңінде ақын адамның бес дүшпаны мен бес асыл істі былай санап көрсететіні белгілі:

Өсек, өтірік, мақтанипак,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дүшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, ракым, ойтап қой  
Бес асыл іс көнсеніз [1, 65]

Злословие, ложь, хвастество,  
Безделье и мотовство –  
Вот пять врагов твоих, знай.  
А разум, и доброта,  
Упорство, скромность, труд –  
Вот пять друзей, согласись [2, 57].

Өлеңде көрініс тапқан бес жаман қылық – кісінің бес дүшпаны және оған қарама-қарсы бес асыл қасиет ақынның дүниестанымының, мәдени-элеуметтік, философиялық көзқарасының, басты өлшемдерін белгілейтін тұжырымдар желісімен сабактасады. Сондықтан ақынның бұл секілді терең философиялық танымнан туған, әлеуметтік-этикалық тұрғысын білдіретін ойларын еш өзгертусіз, дәлме-дәл аударудың маңызы жоғары. Ақынның мұндай ойларын, тұрғысын, көзқарасын білдіретін ұғымдар мен түсініктерді де ауытқусыз, тура жеткізу шарт. Бұл жерде жекелеген сөздердің немесе бейнелі ойлардың аударылуы туралы емес, нақты ұғымдар мен түсініктердің аударылуы туралы сөз болып отыр. Сондықтан да аудармашының бұл ұғымдар мен түсініктерді дәл, тура аударуы өлеңнің мазмұнын ғана емес, ақынның әлеуметтік-этикалық, философиялық көзқарастарын да дәл жеткізуді камтамасыз ететінін ескеруге тура келеді. Түпнұсқаның мазмұнын, ақынның дүниестанымын, ұсынып отырған пікірлері мен тұжырымдарын терең ұғынған аудармашы бұл талаптардың орындалуына бар күшін, жігерін жұмсайтында сөз жоқ. Соған қарамастан, аудармада «еріншек» (безделье), «талап» (упорство) секілді нақты ұғымды білдіретін термин дәрежесіндегі сөздер түпнұсқадағы мағынасын жоғалтып, едәуір қарабайырланып берілген. Ә. Қодар да «бекер мал шашпақ» (деньги на кутеж), «қанағат» (довольство малым) ұғымдарын дәл емес, еркін аударған [3, 25].

Аудармашы түпнұсқадағы әрбір детальді, әрбір бейнелі мағынаны мүмкіндігінше дәл аударуға күш салатыны рас. Түпнұсқадағы жекелеген бейнелеу құралдарын немесе пішіннің басты қырларын дәл бермей, өзгертіп жеткізу шығарманың бастапқы түрін, формасын ғана емес, мазмұнын да өзгертіп жіберерінде сөз

жоқ. Жоғарыда талданған өлең жолдары туралы осыны айтуға болады. Екі аудармашы Абай өлеңінің жалпы мазмұнын ғана бере алған. Одан ақынның ой желісі, айтып отырған ойының жалпы мазмұны табылғанмен, ақынның шығармашылық ерекшелігі, өлеңінің көркемдік-эстетикалық болмыс-бітімі, мазмұн мен пішіннің жарасқан келісімі көмескі тартып көрінеді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай өзінің ғылым, білім туралы ойын үзбей, жалғастыра, дамыта баяндайды. «Бұл тұста ерекше бір көніл бөлерлік жай – Абай ғалым болу мен адам болу мәселеін бір-бірімен сабактастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды» [4, 78]. Екі аудармашы да өз аудармаларында осы көрсетілген ой желісін жеткізе алған. Аудармашы үшін бұл аз жетістік емес.

Тұпнұсқадағы жекелеген ерекше ұғымдарды, түсініктерді басқа тілде жеткізу аудармашыдан терен білімді, үлкен еңбекті және ақындық талант пен шығармашылық шеберлікті талап ететіні рас. Тұпнұсқада көрініс тапқан өмір шындығының мәнісін, ақынның ойлау даралығын, стилін, тіл ерекшелігін білу – аудармашы үшін ең басты шарт. Алайда шынайы аудармашыға білім сенімді көмекші болғанмен, маңдайдан тер ағызғандай адал да тиянақты еңбек, нағыз шығармашылық еңбек жоқ жерде, айтарлықтай нәтиже болмайды. Терен білім тиянақты еңбекпен, ал білім мен еңбек ақындық талантпен, шығармашылық шеберлікпен ұштасқанда ғана аударма тұпнұсқа деңгейіне не соған жетеқабыл деңгейге көтеріледі. М. Петровых аудармасында Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі де едәуір өзгерістерге ұшыраған. Дегенмен аудармашы ақын өлеңінің мазмұнын, оның сезім сырын едәуір толық жеткізген. Ақынның көніл күйі де дұрыс жеткізілген. Өлеңнің өзі мен оның аудармасын өзара салыстырып көрейік:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім  
Пайдасын көре-тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеп сермедім.  
Бұл маҳрум қалмагыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?.. [1,43].

Я презрел познанье, юноша пустой,  
Видел пользу в нем, но шел стезей другой.  
Возмужал – наука из-под рук ушла,  
Поздно к ней ты устремился, разум мой!  
Кто повинен, что остался я ни с чем,  
Смолоду учась, я был бы не такой! [2, 38].

Аудармашы М. Петровых ақын өлеңінің мазмұнын, ақынның көңіл қүйін жіті таныған. Тұпнұсқаның әр сөзін, әр тармағын терең түсіну, соның нәтижесінде өлеңнің мәнін, рухын үғыну аудармашыны жалаң-жадағай аударудан сақтандырып, тиісті шығармашылық табысқа жеткізген. Аудармашының басты жетістігі – өлеңнің мазмұнын, ішкі эмоциялық байлығын орыс тілінде белгілі дәрежеде дұрыс бере білуінде. Әйтсе де аудармашы бұл жерде де өз тарапынан өзгертулер жасамай тұра алмаған. Абай бұл өлеңінде өзінің ғылым жолын жастай құмағанына, ержеткен соң іздегендеге, ғылым жеткізбей кеткеніне өкініш білдіріп, сол өкінішін сыр қылып толғайды. Ақын бұл сырын нақты ешкімге де арнамаған. Аудармада ақынның осы сыры едәуір қосымша желілермен толықтырылады. Абай өлең мазмұнын тек өз сыры, өз өкініші ретінде ғана баяндайтын болса, аудармада ақын өзінің ақыл-оыйна наз айтқандай күй танытады. Тұпнұсқада істін, құбылыстың иесі ақынның өзі болса, аудармада ғылымға кеш үмтүлған ақын емес, оның ақыл-оый болып шыққан. Бұл секілді өзгертулер, толықтырулар, сөз жоқ, тұпнұсқаның тұтастығына, стильдік бітімінен өз салқынын тигізіп тұрганы рас. Бұл арада ақынның ойлау жүйесінің ерекшелігі де өзгеріске түсken. Мұның бәрі, әрине, аудармашының тұпнұсқа табиғатын мейлінше дәл аудару талаптарының үдесінен шыға алмай жатқанын көрсетпесе керек. Дегенмен мұндай өзгерістердің, толықтырулардың қайсы-бірі тұпнұсқа мәтініндегі кейбір сөздердің орыс тілінде аударылу мүмкіндігінің төмөндігімен байланысып жатыр. Мысалы, «түспеді уысыма», «қолымды мезгілінен кеш сермедім», «қолымды дәп сермесем, өстер ме едім» секілді сөз тіркестерін орыс тіліне өте дәл, тұра аудару мүмкін емес. Ауыспалы мағынада, тұрақты тіркес дәрежесінде пайдаланылған мұндай тілдік құралдардың

мазмұнын аудармашы орыс тіліне қарапайым, тура мағынадағы тілдік құралдардың тобы арқылы аударған. Өлеңнің мазмұндық желісі де осы бағытта аударылады. Сөйтеп тұра ол түпнұсқаның мағыналық құрылымына, тақырыбы мен идеясына, ондағы характер табиғатына мүмкіндігінше терең бойлаған. Соның нәтижесінде аудармашы түпнұсқаны сөзбе-сөз немесе жолма-жол аударуға бармай, оның мазмұны мен мағынасын терең жеткізуге жол тапқан. Сонымен қатар ол түпнұсқаның пішініне тән ерекшеліктерді де сактауға күш салады.

Аударма түпнұсқаның мазмұны мен пішінін өзге тілде қайта жасай алғанда ғана сәтті болады. Түпнұсқаның мазмұны мен пішіні арасындағы бірлік пен келісімді жарастықты түрде басқа тілде жеткізе алған аударма ғана көркемдік тұрғыдан бағалы.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде ақын өзінің өмірін, іздел тапқаны мен іздемей жоғалтып алғанын ақылға салып, жастықта аңғырттықпен өткізген жылдары үшін өкініш білдіреді, өкініп қана қоймай, өзіне үлкен сыншылдықпен қарап, ғылымнан кеш қалғаны үшін өзін-өзі қатты сынайды, мінейді. Білгеніне қанағат тұттай, білген үстіне біле беруге ұмтылған таныммен, сыншыл таныммен танылады. Ақын өз басынан өткен осындағы жайларды айта отырып, енді өзінен кейінгі буынның білім алудын, өмірін текке, арзан қызыққа арнамай, ғылым жолын қуудын гибрат етеді. М. Әуезов: «Бұл шығарма енді халықтық, адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның бейнесін көрсете бастайды» [5, 110], – деп, өлеңнің осындағы жаңашыл мазмұны мен ақынның жаңа бағытын, сол арқылы оның ақындық бейнесінің жаңа қасиетпен даралана бастағанын анғартады. Бұл айтылған пікірлер Абайдың өлеңнің мазмұны мен мәніндегі, түрі мен түсіндегі бірлік пен байланыстан туындал жатқан тұтастықты дәл анықтайды. Аудармада ақын өлеңнің осындағы ерекшеліктері, оның мазмұны мен пішіні арасындағы диалектикалық бірліктен, келісім мен жарасынан туып жатқан осындағы поэтикалық даралығы бар. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, кейбір тұстарда әсерлі бейнелеу құралдарының өз дәрежесінде аударылмай, өзгерістерге,

толықтыруларға түскеніне қарамастан, аудармашылардың шеберлігі, тұпнұсқаның әлеуметтік, эмоциялық мазмұнына адалдығы ойдағыдай деңгейде көрініс тапқан.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінде баяндалған ұстаздық үлгі ментүрғы үзілмей, басқа өлеңдерінде де жалғасып отырады. Жоғарыда аталған өлеңдер мен «Интернатта оқып жүр» жазылу мезгілі жағынан өзара жақын, тақырыбы мен идеясы жағынан да – сарында, бағыттас. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі туралы да осынын айту дұрыс. Басты идеясы алдыңғы өлеңдермен үндес, сарында болғанмен, кейінгі өлеңде ақынның жастар алдындағы ағалық ниеті, ұстаздық ғибраты тікелей оқу, білім, ғылым тәнірегінде ғана болмай, өмірдегі адамгершілік іс, достық пен татулық, адалдық секілді әлеуметтік-этикалық биік қасиеттерді үлгі етіп, өсінет қылады. Тақырып пен идея, мазмұн тұрғысынан алғындағанда, аудармада Абайдың осыниеті, осындағы ұстаздық ғибраты мен көзқарастары ашылуының маңызы жоғары. Өлеңнің алғашқы шумағын алғып, онда берілген жайлардың орыс тіліне аударылу, орыс тілінде берілу деңгейінен назар аударайық:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе гой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат [1, 59].

Өлең тармақтарындағы әр ой анық, оны жеткізіп тұрған тілдік құралдар, тұрге пішін беріп тұрған бейнелеу құралдары да жарасынды. Мазмұн мен пішін арасынан ешқандай жарықшақ табылмайды, бәрі де сұлу келісіммен үндесіп тұр. Ақын өлеңнің бастапқы тармағында жігіттерге екі түрлі, біріне-бірі қарама-қарсы екі құбылысты қатар пайымдауды ұсынады: ойын және күлкі. Ауызекі сез барысында ойын мен күлкі бір-бірінен ажыратылмай, екеуі өзара шектес, мәндес құбылыстар ретінде айтылатыны рас. Ақын осы екі құбылыстың ара-жігін ашып, олардың әрқайсының мәні мен мәнісін ажыратып сипаттайды. Олардың мәнін ашу мақсатында ақын бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы,

антонимдік қатынастағы жұп сөзді таңдал алған: арзан – қымбат. Өлеңнің мағыналық өзегі мен құрылым жүйесі үшін «ойынның арзан» болуы қаншалықты шешуші болса, соған орай «кулкінің қымбат» болуы соншалықты маңызды. Бұл секілді антонимдік қатынаста тұрган сөздердің мағыналары ақынның айтайын деп отырған негізгі ойынның салмағын арттырып, өлеңнің поэтикалық қасиетін күшейте түсетіні сөзсіз. Ақынның осы ойы өлеңнің келесі тармағында және бір жұп құбылыстармен егізделеді. Ол құбылыстар – сыр мен сымбат. Өлеңнің басты идеясы мен тақырыбын, мазмұны мен пішінін тану үстінде осы екі тармақта түзілген түр мен өрілген ойдың өзара қатынасы, байланысы, сабактастығы айрықша мәнді. Өлеңнің ішкі болмысына, нақты мағынасы мен эмоциялық мазмұнына, поэтикалық тұтастығына бастайтын арна осы екі тармақтан басталады. Ақынның ішкі сырына, ақындық-азаматтық ұысанаасына барап жол осы екі тармақтың көркемдік-естетикалық табиғатынан тамыр тартады.

А. Гатовтың аударуында өлеңнің осы екі тармағы былай берілген:

Джигиты, ценен смех – не плютовство,  
Различны внешний вид и естество [6, 21].

1951 жылғы басылымдағы осы аударма кейінгі басылымдарда басқаша редакцияда ұсынылған:

Джигиты, дорог смех, не плютовство,  
Несходны внешний вид и естество [7, 37].

Редакциялау нәтижесі айтарлықтай нәтижелі де емес, әсерлі де емес екені өз-өзінен көрініп тур. Рас, «ценен – дорог» тобында түпнұсқадағы «қымбат» сөзіне мағыналық жағынан жақыны – кейінгі редакциядағы «дорог» сөзі. Бұл сөз аударманы түпнұсқаға бұрынғыдан гөрі, жекелеген сөз деңгейінде болса да, жақындана түскен. Ал «различны» сөзін «несходны» сөзімен ауыстыру түпнұсқадағы «екі түрлі нәрсе ғой» сөздерінің мағынасын дәл жеткізу мақсатынан шықпай, аудармадағы «внешний вид и ес-

тество» тіркестерінің өзара байланысы мен мазмұндық-мағыналық қатынастары талабынан туып отырған қажеттілік десе болғандай. Сөйтіп, аудармада ақын «сыр мен сымбаттың ұқсас еместігі» туралы айтқан болып отыр. Оның үстіне «внешний вид и естество» «сыр мен сымбаттын» дұрыс аудармасы да, баламасы да бола алмайды. «Внешний вид» орыс тілінде құбылыстың эмоциялық мазмұнын, реңін білдіре алмайды. Ал Абайдың «сыр», «симбат» сөздерінің әрқайсысында олардың лексикалық тұра мағыналарынан басқа, оларға қосымша эмоциялық мазмұн бар. Бұл мазмұн басқа сөздер беретін мағыналар аясында барынша жарқырап ашылады.

Өлеңнің кілті «ойын арзан, кулкі қымбат» тіркестері айналасында екені туралы ілгеріде айттылды. Ойын мен күлкінің айырмашылықтарын ақын «арзан – қымбат» секілді мағыналары жағынан антонимдік қатынаста тұрган екі дара, бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздердің жұбы арқылы ангартады. Мұны ақынның ақындық ойлауын, нысанасын даралайтын ерекше поэтикалық тәсіл қатарына жатқызу дұрыс. Өкінішке қарай, бұл тармақтардағы мән мен мағына да ақынның өз шығармашылық шеберлігі мен даралығы дәрежесінде аударылмаған. Аудармада ойын мен күлкі, арзан мен қымбат арасы мүлде ажыратылмаған. Өлеңнің алғашқы тармағының мағынасын қазақшалайтын болсақ, «ойын емес, күлкі қымбат» дегендегі ұғым туады. Абай ойын мен күлкінің қайсысы қымбат екенін айтуды мақсат етпеген. Ақын «ойынның арзан, күлкінің қымбат» екенін, басқаша айтқанда, ненің қымбат, ненің арзан екенін арнайы баса баяндап отыр. Сондай-ақ «ойын» сөзін «шутовство» деп аудару да келісіп тұрганға ұқсамайды. «Шутовство» мүлде басқа мағынаны білдіреді. Айтылған жайлардың бәрі өлеңнің мазмұны мен пішінін келістіріп аударуда, мазмұн мен пішіннің үйлесімін тұпнұсқаның көркемдік-эстетикалық дәрежесінде тәржімалауда аудармашылардың айтарлықтай биік көркемдікке жете алмағанын байқатады.

Шумақтың кейінгі екі тармағын да бұдан гөрі дәл және көркем аударуға болар еді. Ақын күлкінің қымбат екендігі туралы ойын одан әрі жалғастырып, «арзан, жалған күлмейтін, шын

кулерлік» ер туралы толғанады. Сондай ер табылса, сонымен сұхбат құрудың ғанибеттілігі туралы пікір түйеді. Аудармашы ақынның ойын дәл жеткізе алмай, сондай ер табылса, «соған сен, соны сүй» дегенді айтады. «Сонымен сұхбат құру» және «соған сену, соны сүю» екі түрлі, бір-бірінен алшақ, алыс ұғымдар қатарына жатады. Олар бірін-бірі алмастыра алатындаң тен дәрежедегі баламалар қызметін атқара алмайды. Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік кісімен сұхбат құрудың ғанибеттілігі туралы ой – өз алдына жеке бір ой сарыны, поэтикалық мотив болып табылады. Ойынның арзандығы, күлкінің қымбаттығы туралы ой жүйесі туралы да осыны айтқан дұрыс. Сыр мен сымбат жайы да осындаид. Өлең шумағындағы бұл секілді ой сарындары, мотивтер өлеңнің көркем шығарма, поэзиялық туынды ретіндегі көркемдік-эстетикалық тұтастығы мен бітім даражалығын түзеді. Олардың бірін назардан тыс қалдырган жағдайда, өлеңнің болмысы да келенсіз күйге түсіп, сыр мен сымбаттың келісімі бұзылады. Олай болса, мұндай мотивтердің құрамадас бөліктерін аудармада алып тастау немесе ықшамдап, бірі мен екіншісін кіркітіріп жіберу, мағынасын өзгерту түпнұсқа өлеңнің табиғи жаратылышына, жарасымына кінарат түсіреді.

Аудармашы осы өлеңнің екінші шумағын мазмұн мен пішін үйлесімін сактап аударып келе жатып, соңғы тармаққа келгенде, шалыс басып кетеді. Әрине, алдыңғы тармақтардың аударылуында да ауытқулар жоқ емес, бірақ олар ақынның ойына қара-ма-қарсы келмейді. Ал мына екі тармақтағы ой аудармада мүлде басқа, ақынның ойынан алыс кетеді:

Сөз мәнісін білерлік кейібіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халинша [1, 59].

Есть и такой, кто понимает слово,  
Но истолкует к выгоде своей [7, 37].

Өлең тармақтары сөз мәнісін білерлік кісінің қасиеті туралы. Ақын оны жек көріп, жақтырмай отырған жоқ, қайта басқаларға үлгі боларлық дәрежеде сипаттап отыр. Оның «әрбір сөзді өз халинша абайлауына» ақынның іші жылып, қанағат тауып отыр.

Бұдан тыңдаушының, сұхбаттасуышының жаңа типі танылады. Басқаларға көнілі толмай отырғанда, ақын бұған іші жылып, оны жақын тартып суреттейді. Әрбір сөзді абайлап, өз халінше сөз мәнісін білерлік кісі аудармада басқа қасиетімен көрінеді. Ол сөз мәнісін білгенмен, әр сөзді өз пайдасына қарай бұрып пайдаланатын қутұяқтың өзі болып шыға келген. Абай сөз тыңдаушы кіслердің үш түрлі типін көрсетеді: бірінші «үйден шыққанша тыңдайды»; екінші «ұққанынша көніл қояды»; үшіншісі «сөз мәнісін білерлік, әрбір сөзді өз халінше абайлайды». Осы үш түрлі тыңдаушы типі аудармада былай сипатталған: а) один пропустит мимо ушей; ә) другой проникает в смысл твоих речей; б) понимает слово, но истолкует к выгоде своей.

Тыңдаушының үш түрлі типі де аудармада өзгеріп, өнін құбылтып жіберген. Абай тыңдаушылардың ешқайсысын тыңдашайды, құлағына ілмейді деп отырған жоқ. Әрқайсысы шамашарқына қарай тыңдайды. Сол шама-шарықтың деңгейі түрліше болғандықтан, тыңдаушылардың тыңдай білу қабілеті де әр басқа. Солардың ішінен ақын сөз білерлік, сөз мәнісін танырлық қабілеті бар, әр сөзді өз халінше танитын мүмкіншілігі бар кісіні жекелеп, даралап мінездейді. Бұл текten тек емес. Ақын үшін тыңдаушылардың, сұхбаттардың дәл осы типі бағалы. Ақынның ойы мен қалауы осы типтегі тыңдаушыға көбірек ауады. Аудармада ақын сипаттап отырған тыңдаушылардың осы типі жойылып кетеді. Бұл, әрине, жекелеген сөз, тармақ деңгейіндегі өзгертулер қатарына жатпайды, бұл мазмұн мен мағына деңгейіндегі өзгеріс, мазмұн мен мағынаны өзертіп қана қоймай, оларды жадағайтайтын, жұтандататын олқылықтар.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі адал, шынайы адамгершілік негізіне құрылған достық пен мейірмандық, адалдық пен татулық қарым-қатынас сипатын ашатын ойлардың жүйесін даралай отырып, М. Әуезов мына тармақтардың мазмұнын ерекше жоғары бағалайды [11,123]:

Күншілдіксіз тату бол шын көнілмен,  
Киянатшыл болмақты естен кеткіз!  
Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес [1, 60].

Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас, қайта айнымас қайран тату! [1, 62].

Аудармада Абайдың бұл секілді ойлары, ақындық нысанасы жастарға айтқан гибраты орыс тілінің заңдылықтарына сәйкес ойға қонымды, бірсыздырғы болып шыққан. Алайда әр тармақты түпнұсқа мен аударма негізінде салыстыра отырып талдағанда, ақынның ойлау машығына, ақындық нысанасына тән кейбір ерекшеліктерді аудармашының үстірт, құнгірт пайымдағаны анғарылады. Көрсетілген егіз тармақтарда ұлттық тілдің ерекшелігіне сай өрілген бейнелілік, астарлы ишара, ауыспалы мағыналы, мағынасы бай сөздер, фразеологиялық оралымдар жоқ. Ақын әр нысаналы ойын, гибрат сөзін жастың ұғымына сәйкес анық, ашық баяндаған. Соған орай аудармашы да бұл жолдарды еркін, ашық, анық тілмен аударуы шарт еді. Мұндай еркіндік, аудармашының түпнұсқа мәтінін, ондағы ойды өзінше өрбітуі өлеңнің басқа бөліктерінде де кездеседі:

Бірінді бірін ғиззат құрмет етіс,  
Тұргандай бейне қорқып, жаңың шошып [1, 60], –

деген тармақтарда да ақынның жастарға өситет еткен тұжырымды пікірі, гибраты жатыр. Аудармашы осы тармақтарды мына түрде аударған:

Друг к другу проявите уваженье,  
Которого у нас обычно нет [7, 38].

Ақынның өлеңнің осы екі тармағының біріншісі негізгі ойдың пәні қызметін атқарса, екінші тармақ түгелдей сол пәннің сын-сипатын білдіреді. Басқаша айтқанда, бірінші тармақ белгілі бір құбылыстың мәнін білдірсе, екінші тармақ сол құбылыстың образын береді. Бұдан да гөрі қарапайым аитар болсақ, бірінші тармақта ақын жастардың бірін-бірі құрмет етуін нысана етсе, екінші тармақта сол құрметтеудің амалын, сынны мен сипатын білдіреді. Соның нәтижесінде оқырман мен тыңдарман үшін жастардың бірін-бірі құрмет

етуінің сипаты, мәнісі қандай болатыны көзге елестеткендей анық әрі бейнелі болып шығады. Аудармада жастардың бірін-бірі құрмет етуі туралы ой сақталған да, екінші ой, жастардың бірін-бірі құрмет етуінің сипатын, мәнісін білдіретін ой назардан тыс қалып қойған. Мұның өзі өлең тармақтарындағы негізгі ойдың толық аударылмай, жартылай, жадағай берілгеніне айғақ болып тұр. Сондай-ақ аудармашы аударуға тиісті, орыс тілінде жеткізуге тиісті мағынаны назардан тыс қалдырып қоймай, оның орнына өз таралынан басқа ой қосады. Оны қазақшалағанда, мынадай ойдың желісі шығады: біздін әдеттімізде құрметтеу деген жоқ, бірақ бір-бірінді құрметтесе. Жоғарыда берілген аударма үзіндісінен осындай ойды қазақ оқырманы да, орыс тілді оқырман да табады.

Өлеңнің тұтас желісін сүзіп шыққанда, ақын шынында да, қазақ жастарының бірінен-бірі бейне қорқып, жаннан шошып түрғандай құрметтеуі туралы толғанады, сондай қасиеттің жастар арасында орын алғын мұрат тұтады. Бірақ ақын қазақ ішінде кісіні құрмет тұту жоқ деген ойды айтпайды, ондай ойдан ол алыс. Аудармашының ақынның айтпаған сөзін айтқан етіп, ойламаған ойын ойлаған етіп көрсетуі әрқашан кемшілік, олқылық бола бермеуі мүмкін. Ал мұндай орынсыз еркіндік түпнұсқаның негізіндегі басты идеяны, авторлық мұрат пен нысананы бұрмалайтын болса, онда мұндай аудармага сын көзімен қарамасқа амал жоқ.

Ақынның өлеңіндегі мына тармақтағы ой да жадағай аударылған:

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар  
Ата-ананың қызынан гапыл қалма [1, 61]

Но, если это дочь людей хороших,  
Не будь глупцом, не упсай – женись! [7, 39].

Ақын қыздың ата-анасы туралы «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» деген кісі қасиетін таразылап, анықтайтын сөздерді бекер айтып отырған жоқ. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана тәрбиелеп өсірген қыз да жаман болмайды. Мұндай ұғым қазакта күні бүгінге дейін бар. Аударма «ары бар, ақылы бар,

ұяты бар» деген кісі қасиетін анықтайтын бірнеше ұғымның, түсініктің орнына аудармашы «жақсы» (хороших людей) деген бір ғана ұғымды жеткізеді. Әрине, «жақсы ата-ана» ұғымы мен «ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ана» ұғымы арасында едәуір өзгешелік барын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге Абайдың танымында ар-ұят, ақыл туралы толғамдар оның дүниетанымын, философиялық түрғысын танытатын эстетикалық категориялармен ұштасады. Бір ғана айтып қоя салған сөз не ұғым болса, онда оны аудармашы осы үлгіде де аударуы мүмкін және одан айтартылғай олқылықты көре қою да қын. Ал мұндай ұғымдар мен түсініктер ақынның дүниетанымын, ақындық-азаматтық түрғысын белгілейтін ұғымдармен астасып, сабактасып жатқан жағдайда, оларды басқа бір қарапайым сөзben немесе ұғыммен алмастыру орынсыз болып табылады.

Аудармашы Абай өлеңдерінің кейбір шумақтарының да мазмұнын өзінше баяндаш шығып, бетімен кететіні бар. Мына салыстыруларға назар аударайық:

Күрбыңың тәуір болсын өз мінезі,  
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.  
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,  
Катыныңда болмасын оның көзі [1, 61].

Разборчивее выбирай друзей,  
Отбрось развязных спутников скорей.  
Но к разуму и красоте стремление,  
К познанию рвенье оценить умей [7, 39].

Аудармадағы мазмұн мен түпнұсқадағы мағына арасында ешқандай жақындық жоқ. Тіпті аударманың Абайдың өлеңіне қатысы барын анықтау мүмкін емес. Сірә, аудармашының өзі де Абайдың айтып отырған сөзінің мәнісін толық түсінбеген болса керек. Мұндай олқылықтар аудармашы түпнұсқада суреттелген оқиғалар, құбылыстар тобын тани алмағанда, түпнұсқаның тілін, мазмұны мен пішінін мүлде пайымдай алмағанда, сондай-ақ оны танып-білуге талпынып, тер төгіп еңбектене алмағанда

ғана туады. Өлең сөздің аудармасы тек ақынмен сөз жарыстыру немесе ақынның өлеңінің мазмұнын өзінше баяндау емес, ол – өнер, өнер болғанда да өте биік өнер қатарына жатады [8]. Мұндай өнерге өнерпаздың көзімен қарап, өнерпаздың көnlіmen бұрылып қарау шарт.

Аударма өзінің болмыс-бітімімен де, қоғамдағы көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік қызыметімен де түпнұсқамен етene байланысты. Оның қызыметінің қандайын да түпнұсқаның болмыс-бітімінен, табиғатынан бөліп тастан, жеке-дара қарастыруға, бағалауға, сондай-ақ қабылдауға болмайды. Екінші жағынан, түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік қызыметі мен мәнін аударманың дәл осындай қызыметімен салыстырып қана қоймай, оларға бір талап, бір өлшеммен қарау тағы да орынсыз болып табылады. Түпнұсқаның табиғатындағы мазмұндық және пішіндік құбылыстардың негізгі желісі аудармада көрініс тапқанмен, оның көзге көрінбейтін, тек көnlіmen ғана танып білетін, белгілі ұлттық тілдің табиғи ерекшелігінен туындал жататын ішкі байлығы, сөз берілгенде, ой мен ойдан жаңасуынан тұтандып жататын қосымша поэтикалық мағына аудармаға өте сирек көшеді. Бұл қажет болмағандықтан емес, аудармашының ақындық мүмкіншілігінің шектеулілігінен. Осының салдарынан аударманың түпнұсқадан алшақтауы, тіпті «жаттануы» келіп туады. Аударма мен түпнұсқа арасындағы мұндай ерекшеліктердің негізінде олардың бірін екіншісіне қарсы қойып, олардың бір-біріне сәйкестігін немесе сәйкесіздігін үзілді-кесілді тұжырымдау аударма теориясы үшін бірден бір дұрыс шешім бола бермейді. Аударма мен түпнұсқа арасындағы сәйкестік пен сәйкесіздікті өзара тығыз байланыста, даму, өзгеріс үстіндегі құбылыс ретінде пайымдаган абзал. Өйткені әдебиет үшін аударманың дәлдігі қанша бағалы десек те, айналып келгенде, шешуші пікір оны, аударма туындыны эстетикалық қабылдаудың сипатына орай түйінделеді.

Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, пішінін саралап білумен бірге оның тууына негіз болған өмір құбылыстарының сипатын да жете тануы қажет. Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай

отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанасын түсінгенде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиетті иелене алады. Тұпнұсқаның мазмұнын, тақырыбы мен идеясын дәл жеткізудің бірден-бір құралы тіл екені түсінікті. Пішінді түзетін құрал да – сол. Сондықтан белгілі мазмұнды, оның кейбір нәзік қырларын жеткізудің поэтикалық тәсілдері мен құралдары ұлттық ерекшеліктерімен сипатталғанына қарамастан, қызметтін неғұрлым дұрыс, толық жеткізетін тілдік құралдарды аудармада тілдің белгілі заңдылықтарына сәйкес басқа типтегі құралдармен алмастыруына тұра келеді. Әйтсе де өлең сөзді аудару тәжірибесінде тұпнұсқаның мазмұны мен пішінін мейлінше дәл сактау, өзге тілде дәл әрі көркем жеткізу аудармашыдан неше алуан тәсілдерді пайдалануды талап етеді. Тұпнұсқадағы өзге тілден тікелей аударылмайтын тілдік бейнелеу құралдарына сайбаламаны өзге тілдің қорынан табу, сол арқылы тұпнұсқаның табиғатын өзге тілде өрнекті түрде танытудың түрлі тәсілдері Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармаларынан да байқалады. Оларда мазмұн мен пішіннің сакталуы да, тілдік бейнелеу құралдарының берілуі де түрлі деңгейде жүзеге асырылған. Солардың көпшілігінде қазақ ақынның ойы мен ойлау даралығы, ақындық тұрғысы, «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын келістірген» шеберлігі тұпнұсқадағы деңгейге көтеріле алмай жатады. Абай өлеңдері орыс тіліне өз дәрежесінде аударылып болды десек, қателескен болар едік. Абай өлеңдері орыс тіліне мұлде сапасыз аударылды деудін де реті келмейді. Сондықтан Абай өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы мәселесі нақты да затты талдауды, дерекке негізделген тиянақты тұжырымды талап етеді.

Аударма адамзаттың рухани қарым-қатынасының негізгі құралдарының бірі, әдебиеттер мен мәдениеттер арасындағы рухани көпір болып табылады. Тілдік коммуникацияның трансляторы ретінде осындағы байланыстардың шешімі аударма арқы-

лы табылады. 1963 жылы сол кездегі Югославияның Дубровник қаласында өткен аудармашылардың халықаралық федерациясының IV конгресінде қабылданған Аудармашы хартиясында аударма бүгінгі заманда адам қызметінің барлық қырын қамтитын және қажетті түрі екендігі, халықтар арасындағы рухани және материалдық алыс-берісті жүзеге асыра отырып, халықтардың өмірін байытатыны, адамдардың өзара түсіністігіне септігін тигізетіні атап айтылған еді. Расында Гете, Пушкин, Лермонтов шығармалары қазақ даласында сөйлегенде казақ мәденисті мен тілі рухани тұрғыдан толыға түсіп, қазақ оқырмандарының поэзияға деген қызығушылығын арттыра түсті. Ал Абайдың терең, бай мұрасы өзге ұлттың тілінде барлық бояуы, көркемдігі, мағынасы, мәні сақталып аударылса, сол ұлттың әдебиеті одан бетер байи түсетіні сөзсіз. Абайдың әдеби мұрасы – біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ғасырлар бойы маңызын жоғалтпайтын рухани қазынасы. Жылдар өтіп, заман өзгергенімен бұл қазына өзінің жаңа қырларымен ашылып, жаңа ғылыми жаңалықтар пайда болып жатқанының күесі болып келеді. Ұлы Абайдың әдеби мұрасы сарқылмайтын бұлақ десек те болады. Ақынның шығармаларын қайтара оқыған сайын сөздерінің астарынан жаңа мән, жаңа мағына тауып жатамыз. Біз бұл мақаламызда Абай өлеңдеріндегі бейнелеу құралдардың татар, өзбек, ұғыр тілдеріндегі аудармаларын сөз ететін боламыз.

Абайдың 1886 ж. жазған өлеңінің бірі – «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ...» өлеци. Қолемі әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 7 шумақ. Бұл Абайдың өлеңді өндіре жазып, ақындық шеберлігін әр қырынан көрсете бастаған кезеңі. Ол енді такырып ауқымын кеңейтіп, әлеуметтік маңызды мәселелерді қозғайтын, оған өз қатынасын сыншылдық деңгейден айқын айта алатын биікке көтерілген. Бұл тұста ақын даусы ашық та ашы, тілі өткір, айтпақ ойы салмақты.

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ,  
Оларға жөн – арамның сезін үқпақ.  
Кас маңғаз, малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ [1,52].

Абай өлеңдерінде «соқпақ» сөзі бірнеше мәрте кездеседі. «Соқпақ» сөзінің мағынасы – қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Жалғыз аяқ жол, алғашқы із, сүрлеу» деген мағынаны білдіреді деп беріліпті. Қазақта «Соқыр сиыр соқпақшыл» деген де мәтел бар. Тура мағынасында түсінсек, соқыр сиыр өзі дағдыланған жолдан басқа жол іздемейді, «Соқыр көргенінен жазбас» дегендей, одан басқа жаққа бұрылмайды. Ақын адасқанына қарамай алдым жөн деп, артында көмсекі соқпақ калдырып, бүкіл қоғамға зардабын тигізетін зиянды құбылысты бар болмысымен әшкелейді. Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

Ақын өзінен басқаны тыңдамайтын, арамның сөзін тыңдағанды жөнкөретін «адасқандарды» «малғабеккенкісімсінген қас маңғаз» деп сынайды. Осындағы «малға бөгу» тіркесі де Абайдың жазба поэзияға енгізген төл тіркесі болар деп шамалаймыз. Өйткені, Абайдан бұрынғы зар заман ақындарынан, жыраулар поэзиясынан мұндай тіркесті кездестіре қоймадық. «Бөгу» етістігі жалпы ауызекі қолданыста «семіру», «өсу» мағынасында қолданылса, ақын өлеңінде де осы мағынадан алшақтамай «ісіну», «өзінен басқаны көрмеу», «пандану» сипатында. Мұндай жандар «кеселді іsten тіпті биттей де қорықпайды» дейді ақын. Ақын поэзиясында тенеудің көптеген түрлері бар. Абайдан бастау алған «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ»; «Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті»; «Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс» сияқты тенеулермен қоса ақын шығармаларында адамдардың өмірі мен қылықтарындағы жағымсыз жайларға өкініш білдіргенде айтқан тенеудің басқа түрлері де кездеседі. Солардың бірі – осы өлеңдегі «биттей қорықпак» тенеуі. Ақын өте кішкентай, зердей деген мағынаны беруде «Биттей» тенеуін қолданады. Осы тенеу Абайдың 23 қара сөзінде де кездеседі: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады.... Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір ұлken іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек». Сондай-ақ, ақынның «Евгений сипаты» аудармасында да «Биттей бойы босаса, сезер сонда, Жастық женіп, көнілді

шайқағанда», – деп «биттей» тенеуін қолданған екен. Енді осы өлеңнің аудармаларына назар аударайық:

Татар тіліндегі Н. Арсланның аудармасы мынадай:

Адашканның алды – юл, арты – сұмқа,  
Аның юлы – йөрүхарамәшихуплат,  
Түшнекагар малға ия кепесы ман,  
Үйда да жок яманлықтан калу тұктап [9,28].

Казақ тіліне сөзбе-сөз кері аударғанда мынадай мағына береді:

Адақканның алды – жол, арты – соқпақ,  
Оның жолы – харам істі журу қолдап.  
Төсін қагар, малға ие адам ұксап,  
Ой да жоқ жамандықтан қалу токтап.

Аудармашы өлеңнің жалпы мазмұнын оқырманға анық көрсете алған. Өлеңдегі буын, бунақ, үйқас тәртібі сақталған. Алайда, өлеңнің соңғы екі жолындағы «Қас маңғаз, малға бөккен кісімсініп, Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ», – деген жолдардағы ақынның аңы сарқазмы біраз босаңсып, әдеттегі көп сөздің біріне айналған. Абайдың осы өлеңіндегі «кеселді іс» эпитеті тегін алынбаған. «Кеселді іс», «кеселді ой» – ақын поэзиясындағы басты концепті. Өзінің 21 қара сөзінде Абай: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атایмын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, женіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамشاқ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді осындай жарамсыз қылыштардан сактансып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі», десе, 31 қара сөзінде: «...ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-кулкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір

нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күлпі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер», – деп кеселді іс, кеселді ойларды анық көрсетеді.

Ал ұйғыр тіліндегі Һ.Бәхниязовтың аудармасындағы *Абайдың осы өлеңі* былайша өрілген:

Тенигәнниң алди – тұз, кейни – чатак,  
Уларға йол нарамниң сөзин уқмақ.  
Малға тойған мақтанчақ киши охшаш  
Неч йоктур яман иштип зади қорқмақ [10, 23].

Қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аударатын болсақ:  
Адасқанниң алды – тұра, соңы – шатақ,  
Оларға жол харампыш сөзин ұқпақ.  
Малға тойған мақтаншақ кісі ұқсап,  
Еш ойы жоқ жаман істен тіпті қорықпақ.

Ұйғыр тіліндегі аудармада Абай өлеңдерінде жиі кездесетін «соқпақ» сөзі ұлттық ренкten алыстап, «чатак» яғни, «шатақ», «адасу» сөздерімен берілген. Сондай-ақ, «малға бөгіп кісімсінген», «кеселді істен биттей қорықпайтын» образ ашылмаған. Ол жай ғана мақтаншақ жан кейпінде көрінеді. Шынтуайтында, Абай өлеңіндегі «малға бөгү», «кеселді іс», «биттей қорықпау» тәрізді қолданыстар өлеңнің негізгі ойына арқау болып тұрған тірек тіркестер. Олардың әрқайсысының этнолингвистикалық, семантикалық, эстетикалық, поэтикалық арқалар жүргі мол. Өкінішке қарай, аталған аудармаларда осы мәселелер ескерілмеген.

Абай:

Адасқан күшік секілді  
Үлып жұртқа қайтқан ой  
Оқінді, жолың бекінді,  
Әуре болма, оны қой [1, 36].

«Ақын мұнда халықтың жеңіл мағынада қолданып жүретін тілдегі метафорасын терендептіп, қорғасын құйғандай салмақ бітіріп қолданады», – дейді М. Әуезов. Көпшілік тіліне «Адасқан күшік» деген сөз болымсыз ғана шындықтай, сәл күлкі күйдей

танылса, Абайда сол күлкілік күймен қатар, екінші сипат – трагедиялық және философиялық мән-мазмұн табады. Қүшіктің айласызы, әлсіз дал болуын көшіп кеткен ауылдың иесіз қалған жұртымен байланыстырып барып, ақын өз басының ендігі мұнын соған теңеиді. Қөнілдің жұртынан, үміт пен арманның өрісінен көпшілік тірлігі, халық көші аулақ кетіп жатыр. Сондықтан бұның азалы ойы адасады. Үнін ешкім естімес, шерменде ой трагедиялық күйде, ұлып жүріп зарланады. Жалғыздықтың өз басына түсетін шерлі шындығын Абай кейде осындаи шеберлік тереңдікten толғайды» [11, 133].

Осы үзіндіде үш эпитет бар. Адасқан, ұлып, өкінді жол. Адасқан күшік секілді деген жолдағы адасқан өткен шақтық есімше арқылы жасалынған. Жай күшік емес, адасқан күшік. Ұлып жұртқа қайтқан ой деген жолдағы ұлып өткен шақтық көсемше жай қайтқан ой емес, ұлып қайтқан ой. Бұл жерде адасқан, ұлып – эпитет. Өйткені негізгі айтайын деген пікір жалыққан ой туралы болса, ондай ойды, басқа кездердегі ойлардан өзгеше түрде етіп, ерекше жекелеп көрсету үшін әлгі сөздер көркемдік жұмысын атқарып отыр. Өмір картинасын немесе портрет жасау үшін эпитет, әсіресе құрделі эпитеттер, көп қолданылады. Бір жолда бір ғана емес, бірнеше эпитеттер қатар келсе, оны эпитеттің құрделі не ұлғайған түрі дейміз. «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой» дегенде ақын тынымсыз, мазасыз ойды, жабырқау қөнілдің суретін «адасқан күшікке» балайды.

«Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой». Бұл образды М. Әуезов төмендегіше тарқатады: «Күшіктің айласызы, әлсіз дал болуын көшіп кеткен ауылдың иесіз қалған жұртымен байланыстырып барып, ақын өз басының ендігі мұнын соған теңеиді. Қөнілдің жұртынан, үміт пен арманның өрісінен көпшілік тірлігі, халық көші аулақ кетіп жатыр. Сондықтан, мұның азалы ойы адасады. Үнін ешкім естімес шерменде ой, трагедиялық кейде ұлып жүріп зарланады» [11, 132].

Абай Батыс пен Шығыс ойшылдарынан үйренумен қатар, өзіне дейінгі қазақ ақын-жырауларынан да көп үйренген. Ақынның жоғарыда келтірілген үзінді мен Дулат ақынның мына өлең жолдарынан идеялық үндестік байқалады:

Мөніреп жұртқа ой қайтты,  
Бұзауы өлген сиырдай.

Немесе:

Көрқау қаскыр құлықты.  
Бұзауы өлген сиырдай.

«Бұл – қазақ әдебиетінде Дулатка дейін айтылмаған сөздер. Адамдың калыптан айрылып, итше ылышып, ауыл үйдің берекесін қашырған атқамінердің шайтани әрекеттері ақынды мезі еткен. Образды ойнату, адам мінезін іс-қимылмен сомдау, әсіресе, Дулагтың «Біреуге», «Екінші біреуге», «Үшінші біреуге», «Төртінші біреуге» деген циклді өлеңдерінде шебер берілген. «Тарпан тайдай қылтыңдал, ... қаққанша қабақ бұлтыңдал, ... сыртынан күліп жыртыңдал, ... самайы терлеп мынқылдал» тұрган Дулат кейіпкерін Абай болыстарының тобырына ойланбай тоғытып жібере аласыз. Ел билеушіні шынайы, әрі дәл берудің құралы – таптырмас деталь десек, екі ақын да бұл қисынды шебер қиуластырған» [12, 25].

Бұл турасында 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда баяндама жасаған ғалым М. Базарбаев: «Әрине, Абайда алуан түрлі жаналықпен қатар халық поэзиясынан алынған, одан үйренген жайттар бар. Бірақ ол көбінесе, тек суреттеу тәсілі ретінде, онда да мүлде басқаша контексте келеді. Мәселен, «Көленке басын ұзартып» өлеңінде:

Адасқан күшік секілді  
Ұльш жұртқа қайтқан ой  
Өкінді, жолын бекінді,  
Әуре болма, оны қой, –

дейді. Мұнда «адасқан күшік» дегені бұрыннан, қазақ өлеңінде болсын, жай сөзінде болсын, бұрыннан бар нэрсе. Бірақ, тынымсыз, мазан ойдың, жабырқау көнілдің суретін бере алуы – жаналық» [13, 47].

Ақынның бұл өлеңін М. Максуд ұйғыр тіліне былайша аударады:

Адашкан эт шикелле  
Үлап йортка кайткан уй,  
Барыр юлың, юк инде,  
Юкны эзләп йөрмә, күй!

Кері аудармасы мынадай:

Адашкан ит секілді,  
Үлшіп жұртқа қайтқан ой.  
Барар жолың жоқ енді,  
Жоқты іздел жүрме, кой!,-

деген ұйғыр тіліндегі аудармасына назар аударсақ, Абай «Адашкан күшік секілді» десе, аудармада «Адашкан ит секілді» деп аударылады. Абай өз жанының күйзелісін, рухани жалғыздығын, қауалаған ойдан шыға алмай қалжыраған сэттерін «адашкан күшікке» балаған. Бәрімізге мәлім, күшік адасады, ал ит ешқашан адаспайды. Тіпті көзін байлап, айдалаға апарып тастаса да, өз үйін қайта адаспай тауып алады. Оның үстіне «адашкан ит секілді» тіркесі жағымсыз эмоционалды мөнгө ие. Абай өлендерінде адам болмысын астарлаған «кең ит», «кең ит», «кезеген ит», «күшік ит» сияқты қолданыстармен бірге құбылыстың не қымыл-әрекеттің сын-сипатын анықтайдын «ит жүрек», «ит мінез», «ит қор», «итше індет тілеу», т.б. сияқты образды оралымдар да орын алған. «Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар» тәрізді афоризмге айналған жол да жолыгады [14, 169].

Жазушы Габиден Мұстафин өзінің «Сөз бен пікір» атты мақаласында: «... Абай «Адашкан күшік секілді ұлып еліне кайтқан ой» дегенде жанынан жана тіл қосқан жоқ. Жүре жасаған тілден үлгілі сөз құрады. Абайдан бұрын тоғысқан көңілді адашкан күшікке теңеп ешкім айтқан емес. Абай өзінің айтам деген пікірін осы сөзбен жүрекке тап еткізіп койып берді», – дейді.

Өзбек тіліне У. Уринбаевтың аудармасы:

Шошқан кучук шекилли  
Увиллаб юртга қайттан уй  
Укинады, йулинг епилди,  
Овора булма, уни куй [15, 120].

Осы жолдардың көрі аудармасына қарайық:

Шопыған күпік секілді,  
Ұлып елге қайтқан ой.  
Оқінер, жолы жабыпш,  
Әуреленбе, оны қой!

Өзбекше аудармасында «адасқан күшік» «шошыған күшік» болып аударылған. Алайда, жалпы мағынасы түпнұсқаға жақын. Қазақ тілінің дауысты дыбыстарын өзбек тілімен салыстырганда, кейбір өзгешеліктер жақсы сезіледі. Солардың ең бастысы өзбек әдеби тілінде сингармонизм заңының сақталмауы болып есептеледі. Өзбек тілінде дауысты дыбыстардың саны әлдеқайда аз, оның үстіне жуан дауысты «ы» дыбысы жоқ, оның орнына «и (і)» дыбысы қолданылады. Өзбек тіліндегі «о» қазақ тіліндегі «а, ә» дыбыстарының қызметін атқарады, сөз буындарының жуан-жіңішкелігін талғамайды.

Жалпы, қазақ тілінің туыстас халықтардың тілдерімен тарихи, мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық, материалды және рухани жақындығы аудармашылардың жұмысын жөнілдетеді. Дегенмен, туыстас тілдердің арасында да аударма болған соң қындықсыз болмайды. Туыстас тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйелерінде генетикалық жақындық болғанымен, аудармашылардың фонетикалық адаптация жасауға, грамматикалық құрылымды өзгертуей көшіруге, тіларалық омонимдерді ауыстыруға әуестене бермей, тілдердің арасындағы ерекшеліктерге де көніл аударғандары жөн. Мәдениеті, тарихы алыс елдің шығармасын аударғаннан гөрі туыстас тілдегі шығарманы аудару әлдеқайда жөніл. Туыстас тілден аударылатын еңбекке оқырмандар тарарапынан сынның да көп болатынын аудармашылардың ұмытпағаны жөн, себебі оқырмандар атальмыш шығарманы түпнұсқа тілінде оқып, танысып алуы да әбден мүмкін. Әсіресе Абай сияқты тұлғаны бізben көршілес елдердің танымауы мүмкін емес. Қазақ әдебиетіндегі белгілі шығармаларды туыстас халықтардың тіліне аудару мәселесі сөз болса, алдыменен Абайдың шығармаларынан басталуы тиіс.

Армян ақыны Г. Эминнің: «ұлттық тілде шығарылатын дүниенің бәрін орыс тілінде сөйлемет міндепті емес, аударуға тек өзінің туған әдебиетінде орны бар, халқы мойындаған және өзге тілді оқырманның қызығушылығын оятатын шығарманы аудару қажет», – деген пікірінің орынды айтылғанына косыламыз. Қазақ әдебиеті, қазақ халқы үшін бірінші ақын Абай. Ақынның шығармалары қазақ халқының ғана емес, өзге тілдің әдебиетінің де рухани байлығына айналатынына күмәніміз жоқ.

### **Әдебиеттер**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – т.1. – Алматы: Ғылым, 1977.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1970. – 272 с.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Избранное /перевод с каз.комментариии А. Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 224 с.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
5. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография // Әуезов М. Жырыма томдық шығармалар жинағы. – т. XX. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-245-б.
6. Абай Құнанбаев. Избранное. – Алматы: Казгосиздат худ. лит., 1951. – 140 с.
7. Абай Құнанбаев. Избранное / перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1981. – 224 с.
8. Чуковский К.И. Высокое искусство. – М.: Сов. писатель, 1988. – 345 с.
9. А. Конанбаев. Шығырләр һәм поэмалар. Китап нәшрияты. – Казан, 1981.
10. Абай шеирлар вә поэмилар. – Алмута: Жазушы, 1987.
11. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995.
12. Ердембеков Б. «Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі» докторлық диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2008.
13. Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасы. – Алматы, 1961.
14. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея.– Алматы: Білім, 2000.
15. Абай Құнанбаев. Танланған Асарлар. Бадий адабиет наприести. – Тошкент 1961.

## **МАЗМУНЫ**

KIРИСПЕ .....	3
I тарау. Мәдениетаралық байланыстар .....	6
II тарау. Классикалық үлгі .....	37
III тарау. Көркемдік бейнелеу құралдары мен өзекті ойлар .....	54
IV тарау. Асыл нұсқа және аударма .....	80
V тарау. Мазмұн мен мағына.....	122
VI тарау. Образ және образдылық .....	158
VII тарау. Қабылдау мен пайымдау арналары .....	186
VIII тарау. Көркем ақпарат: анфару мен аудару .....	209
IX тарау. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау) .....	261
ҚОРЫТЫНДЫ .....	288

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IX том  
Пәнаралық-зерттеу**

**Авторлар:**

*Дәдебаев Жанғара, Тарақ Әнвар,  
Көпбасарова Айнур, Қожақанова Мәдина,  
Сандыбаева Құралай, Сайдажисеева Айдана,  
Кіребаева Айдана, Түнкер Айсұлу*

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ № 9189**

Басуга 26.02.2016 жылды қол қойылды. Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ .  
Көлемі 18,18 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №235.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.